

**Ш. Абишева<sup>1</sup>, А.З. Кенбаева<sup>2\*</sup>***<sup>1</sup>Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан**<sup>2</sup>М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан**E-mail: <sup>1</sup>abisheva\_sharapat@mail.ru, <sup>2</sup>takeshi\_aynur@mail.ru**ORCID: 0000-0003-4856-99-36, 0000-0003-3536-8713***ТОПОНИМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ  
(ҚАЗАҚ, ҚАРАҚАЛПАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ЭПОСТАРЫ БОЙЫНША)**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ, қарақалпақ, татар эпостарынан анықталған топонимдердің ұлттық-мәдени ерекшелігі қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде қазақ, қарақалпақ, татар фольклорындағы қаһармандық эпостар алынды. Жұмыстың ғылыми жаңалығы түркі халықтарының фольклорындағы топонимдерді салыстыра талдауда жатыр, бұл топонимикалық деректер арқылы қалпына келтіруге болатын дүниенің топонимикалық суретінің түркілік ұлттық-мәдени ерекшелігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Зерттеудің өзектілігі эпостардағы топонимдерді атқаратын қызметін анықтау арқылы зерттеу қажеттілігімен айқындалады, ол өз кезегінде фольклорлық шығармалардағы топонимдердің рөлін көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында эпостарда шынайы, метафоралық және жеке топонимдердің қолданылатыны анықталды. Батырлық эпостарда кездесетін нақты географиялық нысандардың атаулары уақыт пен кеңістікте бағдар ғана емес, тарихи-мәдени оқиғаларды кейінгі ұрпаққа жеткізудің тәсілі болып табылады. Эпостардағы топонимикалық атаулар номинативтік және ақпараттық қызметтермен қатар жинақтаушылық және таңбалық қызметтерді де атқарады. Эпостарда кездесетін топонимикалық атаулар түркі халықтарының мифологиялық көзқарастары бойынша жасалатыны анықталды. Жұмыстың практикалық маңыздылығы мынада: материалдар мен зерттеудің негізгі қорытындыларын пайдалану түркі халықтарының, атап айтқанда қазақ, қарақалпақ, татар топонимикасын одан әрі зерттеуге ықпал етеді. Зерттеу нәтижесінде эпостық жырларда суреттелетін оқиғалар терең тарихи сипатқа ие болғанымен, олардың сюжеттері мен мотивтері мифологиялық хронотипке қатысты.

**Кілт сөздер:** топоним, фольклор, эпос, дастан, қаһармандық жырлар, ұлттық-мәдени ерекшелік

**Ш. Абишева<sup>1</sup>, А.З. Кенбаева<sup>2\*</sup>***<sup>1</sup>Университет Есенова, Ақтау, Казахстан**<sup>2</sup>Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, Уральск, Казахстан**E-mail: <sup>1</sup>abisheva\_sharapat@mail.ru, <sup>2</sup>takeshi\_aynur@mail.ru**ORCID: 0000-0003-4856-99-36, 0000-0003-3536-8713***Национально-культурные своеобразие топонимов  
(по материалам казахского, каракалпакского и татарского  
героических эпосов)**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается национально-культурное своеобразие топонимов, выявленных из казахского, каракалпакского и татарского эпосов. Научная новизна работы заключается в осуществлении анализа топонимов в фольклоре тюркских народов, который позволяет сделать заключение о национально-культурном своеобразии топонимической картины мира, имеющей возможность восстановления за счет топонимических данных. Источниками исследования выступили героические эпосы из казахского, каракалпакского и татарского фольклора. Актуальность исследования

определяется необходимостью изучения топонимов в эпосах через определения их функции, которая позволяет выделить роль топонимов в фольклорных произведениях. В процессе исследования выявлено, что в эпосах используются реальные, метафорические и индивидуальные топонимы. Названия реальных географических объектов, встречающихся в героических эпосах являются не только ориентиром во времени и пространстве, но и способом передачи историко-культурных событий. Кроме номинативной и информативной функций топонимические номинации в эпосах выполняют так же аккумулятивную и символическую функции. Установлено, что топонимические номинации, встречающиеся в эпосах, создаются на мифологических воззрениях тюркских народов. Практическая значимость работы заключается в том, что использование материалов и основных выводов исследования способствует дальнейшему изучению топонимики тюркских народов, в частности, казахского, каракалпакского и татарского.

**Ключевые слова:** топоним, фольклор, эпос, дастан, героические эпосы, национально-культурное своеобразие

**Sh. Abisheva<sup>1</sup>, A.Z. Kenbayeva<sup>2\*</sup>**

<sup>1</sup>Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

<sup>2</sup>M. Utemissov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan,

E-mail: <sup>1</sup>abisheva\_sharapat@mail.ru, <sup>2</sup>takeshi\_aynur@mail.ru

ORCID: 0000-0003-4856-99-36, 0000-0003-3536-8713

## **National-cultural uniqueness of toponyms (on materials of Kazakh, Karakalpak and Tatar heroic epics)**

**Abstract.** This article examines the national-cultural uniqueness of toponyms identified from Kazakh, Karakalpak and Tatar epics. The scientific novelty of the work consists in the analysis of toponyms in the folklore of Turkic peoples, which allows us to conclude about the national-cultural originality of the toponymic picture of the world, which has the possibility of restoration at the expense of toponymic data. The sources of the study were heroic epics from Kazakh, Karakalpak and Tatar folklore. The relevance of the study is determined by the need to study toponyms in epics through the definition of their function, which allows us to highlight the role of toponyms in folklore works. In the process of research, it was revealed that real, metaphorical and individual toponyms are used in epics. The names of real geographical objects found in heroic epics are not only a reference point in time and space, but also a way of conveying historical and cultural events. In addition to nominative and informative functions, toponymic nominations in epics also fulfil accumulative and symbolic functions. It has been established that toponymic nominations found in epics are created on the basis of mythological views of Turkic peoples. The practical significance of the work lies in the fact that the use of materials and main conclusions of the study contributes to the further study of toponymy of Turkic peoples, in particular, Kazakh, Karakalpak and Tatar.

**Keywords:** toponym, folklore, epic, dastan, heroic epics, national-cultural originality

### **1. Кіріспе**

Қазіргі заманда бір де бір ғылым басқалардан тәуелсіз пайда болып, өз алдына жеке ғылым ретінде дами алмайды. Түрлі ғылымдардың өзара байланысып, ықпалдасуы – заңды процесс. Осы негізде ғылымдардың тоғысуы пайда болады. Топонимика – шын мәнінде бірнеше ғылымдардың осындай тоғысында жатқан лингвистикалық пән. Әр ғылым басқа ғылымдардың жетістіктерін пайдалана отырып, өзін байытып, өз зерттеулерінің нәтижелерін басқа ғылымдарға ұсынғандай топонимика да тарих, география, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара

байланыста дамиды. Топонимиканың географиямен байланысын Э.М.Мурзаев атап кеткен (Мурзаев, 1982:15). Ғалымның пікірінше, ол географиялық объектілерді атаумен айналысады. Топонимика мен тарихты көп нәрсе байланыстыртынын В.А.Жучкевич, Е.М.Поспелов, Х.Л.Ханмагомедов, Н.Г.Мамедов, А.И.Попов сияқты ғалымдар айтып кеткен (Давлеткулова, 2014:86). Олардың пікірінше, тарих ғылымы жиі халық өміріндегі қандай жағдайлардың фонында, қандай жағдайда белгілі бір қаланы, өзенді немесе ландшафтты атау қажет болғанын көрсету үшін тарихи оқиғалардың барысын егжей-тегжейлі көрсетеді.

Топонимика мен әдебиеттің де байланысы күмән тудырмайды. Жер, су, тау аттарымен байланысты көптеген әңгімелер ұрпақтан-ұрпаққа түрлі дәстүр, ертегі, аңыз-әңгімелер арқылы беріліп келеді. Шығармаларға осындай филологиялық талдау жасау топонимика ғылымына қандай ақпараттардың халық шығармашылығынан туындағанын, қай бөліктерінің ғылыми әдістермен дәлелденетінін түсінуге көмектеседі. Ал топонимика мен фольклордың байланысы ұлттық тарихты, этнографияны, географияны зерттеуде құнды дереккөздердің бірі болып есептеледі. Осы кезге дейін фольклорлық шығармаларда сақталып келген топонимдер халықтар арасындағы саяси, экономикалық және рухани байланыстарды зерделеу үшін материал береді. Осы теорияларды негізге етіп біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған топонимдер арқылы түркі халықтары әлемінің топонимикалық бейнесін ашуға мүмкіндік туады.

## **2. Зерттеу әдістері мен материалдары**

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Жұмыстың өзектілігі топонимика мен фольклордың өзара әрекеттесу мәселесіне қызығушылықпен байланысты. Фольклор халық дүниетанымы мен мәдениетінің ерекшеліктерін жинайтын, тіпті, белгілі бір дәрежеде сақтайтын ерекше топонимдік кеңістік тәрізді. Осыған байланысты фольклорлық топонимдер мен халықтық географиялық терминдерді лингвокультурологиялық аспектіде зерттеу өзекті болып табылады, өйткені ол әлем моделінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын қоршаған кеңістікті қабылдау туралы ақпаратты кодтайтын әрбір халық ұғымдарының топонимикалық жүйесін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл мақсатты жүзеге асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді: түркі халықтары фольклорындағы топонимдер мен халықтық географиялық терминдерді жинақтау және жүйелеу; фольклорлық топонимдердің ерекшелігін анықтау; топонимдердің жіктелуі; талданатын топонимдердің лингвомәдени ерекшелігін анықтау.

Шығармалардың мазмұндық жағын зерттеу мақсатында компоненттік талдау әдісі қолданылса, фольклорлық мәтіндегі топонимдердің қолданылу контексін зерттеуде дистрибутивтік әдіс пайдаланылды. Салыстырмалы әдіс басқа дастандардағы топонимдердің айырмашылықтары мен әмбебаптығын анықтап, сипаттау үшін қолданылды.

### **2.2 Материалдарға сипаттама**

Зерттеудің негізгі көздері ретінде 3 батырлық эпос мәтіндері таңдалды және олардың ішінен 38 топоним анықталды. Атап айтқанда, қазақ халқының фольклорлық

шығармасынан Ер Тарғын эпосы, қарақалпақтың Ер Сайым және татардың Жик Мәргән дастандары таңдалды. Алынған материалдардың алғашқы жалпылануы фольклорда топонимдердің шартты түрде сәйкес кіші топтары бар екі топқа – қиял және нақты топонимикалық объектілерге бөлінетінін көрсетеді.

Батырлық эпостарда кездесетін нақты географиялық объектілердің атаулары уақыт пен кеңістіктегі бағдар ғана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени оқиғаларды жеткізу тәсілі болып табылады (Ondar, 2018:53-68). Номинативті және ақпараттық функциядан басқа, эпостардағы топонимдер аккумулятивті және символдық функцияларды да атқаратындығы мәлім болды. Эпостарда кездесетін жер-су атаулары түркі халықтарының мифологиялық көзқарастары негізінде құрылатыны анықталды.

Батырлар жыры – көлемі бойынша да, мазмұн-мәні жағынан да қазақ фольклорынан орасан зор орын алатын аса көрнекті жанрдың бірі. Олар елдің сан ғасырлық тарихын, ерлік дәстүрін, тұтас ұлттың тағдырына әсер еткен тарихи оқиғаларға деген халық бағасын, болашақтан күтер үміті мен аңсар арманын көркем жинақтап бейнелейді. Эпос – бұқара халықтың күнделікті өмірінен орын алып, жиі қайталанған қақтығыстардың жылнамасы емес, ел есінде ерекше қалған елеулі жайттарды жадыда сақтап суреттеген көркем туынды.

«Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» эпостары бірнеше туыстас ұлтқа ортақ болса, «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырлары тек қазақ халқына тиесілі. Зерттеуіміздің нысаны болып отырған «Ер Тарғынның» 2 нұсқасы бар: біріншісі – 1862 жылы Қазанда Н.Ильминскийдің Марабай ақыннан жазып алған нұсқасы, ал екіншісі – В.Радловтың Қырым елінен жинап, өзінің 9 томдығының 7-томына енгізген «Ер Тарғын» атты әңгімесі. Зерттеуге алынған топонимдер «Бабалар сөзі» көптомдығының 44-томына енген, халықтың бай да көркем тілімен дәстүрлі эпикалық стильде өрілген Марабай ақынның нұсқасынан келтірілді (Бабалар сөзі, 2007).

«Ер Тарғын» жырын М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Қ.Жұмалиев, Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев секілді ғалымдар зерттеді. Олар жырдың шығу төркінін, тарихқа қатысын, идеялық мазмұнын, сюжетін, кейіпкерлер образын, көркемдік ерекшеліктерін зерделеп, жыр туралы өз пікірлерін білдірді.

Қарақалпақ халқының «Ер Зийуар» дастаны да қазақ эпостары секілді өзінің идеялық-эстетикалық кемелдігімен, көркемдік құралдарының байлығымен, өзіндік сөз оралымдарымен ерекшеленеді. Алайда осы кезге дейін бұл дастан шағын ғылыми мақалалар деңгейінде ғана зерттеліп келген. Дастанды зерттеудің алғашқы кезеңінде Қ.Мақсетов, Қ.Айымбетов, И.Сағитов, Н.Дәуқараев секілді фольклортанушылар оның сюжеттік, жанрлық және идеялық-тақырыптық ерекшеліктеріне қатысты пікірлерін ғана білдірсе, жырдың көркемдік ерекшеліктеріне, эпитет, салыстыру, гипербола сияқты троп түрлерінің қолданылуына А.Жәрімбетов кеңірек тоқталады.

Біз зерттеп отырған «Ер Зийуар» дастанын С.Бекназаров пен Ғ.Есемұратов жыршы Құрбанбайдан үш рет: 1941, 1953, 1958 жылдары жазып алған. Қазіргі таңда Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының іргелі кітапханасының қолжазба

қорында (Р-140, No86076,71) сақтаулы тұрған дастанның қолда бар 3 нұсқасының барлығы – Құрбанбай жыршының айтуы бойынша жазып алынған жалғыз нұсқа. Осы қолжазба негізінде Ғ.Есемұратовтың жетекшілігімен 1958 жылы алғашқы басылымы жарыққа шықты. Кейін бұл дастан Қ.Мақсетов, Ғ.Есемұратов және А.Қожықбаев дайындаған «Қарақалпақ фольклорының» ІХ томына енді (Қарақалпақ фольклоры, 2001). Эпосты осы басылымға дайындау барысында бұрынғы басылымдарда сол дәуір талаптарына сәйкес алынып тасталған діни мазмұндағы кейбір тұстар және жыршының шығармашылық шеберлігін сақтау мақсатында өзгертілген поэтикалық жолдар қалпына келтіріліп, қолжазба түріндегі мәтінге қайтарылды.

Түркі халықтары фольклорының ішінен татар фольклоры кенжелеу зерттелді. Ғалымдар оған XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қана назар аударып, Х.Ярми, Ф.Урманчиев, Н.Хисамов, Ф.Ахметова, Р.Ганиева, М.Усманов, М.Ахметзянов, Ф.Яхин, М.Бакиров секілді зерттеушілердің татар эпостарының жанрын, тақырыбы мен идеясын, көркемдік ерекшеліктері мен тәрбиелік маңызын талдауға арнаған еңбектері жарыққа шықты.

Түркі фольклорлық шығармаларының өзегі болған қаһармандар жүрек жұтқан, өзі үшін емес, елі үшін туып, өмір суретін, ерекше қасиеттерді бойына сіңірген нағыз батыр ретінде суреттеледі. Мұндай дастандар тарихи шындыққа жақындығымен де, кейде «бас кейіпкерлердің шамадан тыс ерлігімен» де ерекшеленеді. Бұған татар халқының «Жик Мәргән» дастаны да мысал болады (Татар халық ижаты, 1978). Бұл дастанда басқа түркі халықтарының батырлық жырларына тән тарихи шындық деңгейі белгілі бір дәрежеде жоғалғанымен, сюжеттік бірлігі, жалпы идея, композициялық тұтастық сақталған.

### 3. Талқылау

Қазіргі уақытта тіл, фольклор, этнография, тарих, география мәселелеріне қатысты ғылыми зерттеулерде ономастикаға, әсіресе, оның топонимика сияқты бөліміне жалқы есімдер туралы ғылым ретінде қызығушылық артып келеді. Топонимдер кез келген ұлттық тіл лексиконының ажырамас бөлігі, ұлттық сана-сезімнің өнімі, белгілі бір ұлттың әлемінің тілдік бейнесін білдірудің құралы және тәсілі бола отырып, халықтың тарихи өткені туралы, оның көші-қоны мен қоныстану жолдары туралы этникалық маңызды ақпаратты сақтау және ұрпақтан ұрпаққа беру қабілетіне ие. Сондай-ақ олар адамдардың өмірлік, коммуникативтік кеңістігінде сенімді бағдарлар рөлін атқарады (Ыбыраев, 1993:65). Осының бәрі белгілі бір халықтың топонимдерін зерттеуді өзекті етеді.

Жалпы, лингвистикалық топоним мен фольклорлық топоним – көп жағдайда бір нәрсе емес. Фольклорлық мәтіндегі белгілі бір топонимнің мазмұнын, оның пайда болу себептері мен тәсілдерін түсіндіру – жалпы алғанда, өлке тарихының көрінісі (Қарабаев, 2021:74). Бірақ бұл – ауызша дәстүрдің ерекшеліктерін ескеретін фольклорлық сана призмасынан өткен ерекше толғау. Сондықтан да, фольклорлық топоним мен жалпы тілдік топонимнің мазмұны бірдей бола бермейді. Оның үстіне, фольклорлық мәтінде сөз үлкен семантикалық амплитудаға және белгілі бір

ұлттық-мәдени коннотацияға ие болады, сондықтан фольклордағы жалқы есімдер мен жер-су атауларының күнделікті ауызекі сөйлеуге қарағанда семантикалық жағынан жүгі ауырлау келеді. Жоғарыда аталған түркі халықтарының қаһармандық эпостарын мысалға ала отырып, топонимика мен фольклор арасындағы байланыс ерекшеліктерін, фольклорлық мәтіндегі топонимдердің негізгі қызметтерін анықтап, олардың қолдану ерекшеліктерін көрсетуге тырысамыз.

«Ер Тарғын» көркемдік-идеялық жағынан қазақ батырлар жыры ішіндегі таңдаулылардың бірі саналады. Жырдың негізгі идеясында ерлік, елжандылық, жақсылық пен жамандық күресі, адал махаббат, ел қорғау секілді өзекті мәселелер көтерілген. Шығармада халқымыздың басынан кешкен тарихи-әлеуметтік оқиғалары, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, ұлттық санасы, рухани тіршілігі, наным-сенімі мен арман-мұраты көрініс береді. Бас кейіпкердің ел тағдырын ойлаған, оның тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тіккен, оған қамқор, пана болған ерлік, адамгершілік бейнесі суреттеледі. Бұл жырдың аса бір құндылығы – тарихта болып, аты аңызға айналған, халқымыздың дана ойшылы Сыпыра жыраудың кеменгер кейіпкер ретінде көрінуі. Жыршы Сыпыра жырауды шығармаға қосу арқылы сюжеттегі штрих-детальдерді әрлендіреді, осы бір ғана кейіпкерді арқау етіп, жалпы халқымызға тән даналық ойды, пәлсапалық терең дүниетанымды көрсетеді, айтпақ ойын аса шеберлікпен жеткізеді.

Бұл жырда түркі эпостарына тән ғажайып туу мотиві орын алмаған. Тіпті Тарғынның кім екендігі де айтылмайды, жыр бірден Тарғынға қатысы жоқ оқиғаларды суреттеумен басталады. Бас кейіпкердің әрекеті ғашығы Ақжүністі Еділ бойын мекендеген ноғайлы жұртына алып келуімен басталады. Зер салатын болсақ, Еділ өзені – ноғайлы дәуірінде пайда болған барлық батырлар жырының басты өзегі. «Эпостың негізі – тарихи шындық. Әсіресе, ол эпосты тудырған ортаға, халықтың жер-су атауларына тікелей қатысы бар» (Пангереев, 2018:188) деген Ш.Ыбыраевтың пікіріне сүйенетін болсақ, шынында да, топонимдерің эпоста атқаратын қызметтерінің бірі – тарихи оқиғаны халыққа нанымды жеткізу. Ендігі талдайтын су атауымыз – *Жайық* өзені. Бұл өзен жырда жеке өзен ретінде емес Еділ өзенімен қатар қолданады. Мысалы:

*Еділ-Жайық* екі су

Ерінбей жортып, дүние-ай,

Бас-аяғын көрген ер! (Бабалар сөзі, 2005:24) – деген жыр қатарларынан Еділ мен Жайық өзендері оқиға орын алған орын, бас кейіпкердің соғыста қатысқан алаңы, эпикалық кеңістік екенін білу арқылы батырдың өміріне қатысты екенін көреміз. Бұған себеп – кейіпкердің өткен өмірін аңсау түрінде берілген «дүние-ай» деген күрсінуді.

Сонымен қатар жырда *Қараша*, *Құбан*, *Самар*, *Ақтөбе*, *Бозан* секілді атаулар да кездеседі. Алайда бұл атаулардың жырда не жер атаулары екенін, не су атаулары екенін білу қиын, бірақ олардың жырдағы орны айрықша, мысалы:

Ауан, ауан, ауан су,

Ауандап үлкен балық жүзген су,



Қараша, Құбан – қанды су,  
Ақтөбе, Бозан – данды су,  
Үш өзен, Самар – жанды су  
Су болғалы ежелден,  
Кәпір менен пұсырман  
Ерлеріменен даулы су,  
Даулы жерде тұрмаймын!  
Мен кетемін, кетемін,  
Кеткенменен, айдалаға кетпеймін,  
Айналып *Еділді* өтемін! (Бабалар сөзі, 2005:27).

Осындағы жер-су атаулары талай жорықтарға себеп болғанын, бұл жерлерге кәпір мен мұсылмандар таласқандарын айқын көруге болады. Жоғарыда атап кеткен жер-су атауларынан басқа жырда *Қытай*, *Қырым*, *Самарқан* топонимдері де кездесіп отырады. *Қырым*, *Қытай* атауларының дастандағы оқиға болған жерге мүлдем қатысы жоқ. Бұл топонимдердің ауыспалы мәнде қолданылып тұрғаны анық.

Ер Тарғын жырында аты таныс емес, немесе қияли топонимдер де кездеседі. Біздің ойымызша, бұның себебі ертегілік сарынның басым болуында. Бұл жырда махаббат пен ерлік мәселесі қатар жүреді.

Қарақалпақтың «Ер Сайым» дастаны бас кейіпкердің ауыр өмірін суреттеумен басталады. Ер Сайымның әкесі Қуладин кедей диқан болған екен, бас кейіпкер алты жасқа келгенде Хорезм халқы ауыр күндерді басынан кешеді. Жыр төмендегі өлең қатарларымен басталады:

Халыққа дүния тар еди,  
Кимлер көріп кемликти,  
Кимлер көріп зорлықты,  
*Хорезмнің* елинде,  
*Ақжурим* деген шәхәрде (Қарақалпақ фольклоры, 2005:111)

*Хорезм* атауы қарақалпақ дастандарының көпшілігінде кездеседі. Жырдағы оқиғаның Хорезмнің *Ақжурим* қаласында орын алғанын дастан сюжетінен білеміз. Хорезм топонимі жырда ең көп кездесетін атау болғандықтан, оны дастан оқиғасының негізгі өзегі деп айтуға болады. Қарақалпақ халқының Ер Зийуар атты дастаны да дәл осы тарихи топонимдермен басталады (Кенбайева, 2022).

Осы жырда кездесетін келесі атау – *Қоңырат*. Бұл атау жырда *Қоңырат ели*, *Қоңырат журты*, *Қоңырат урууы*, *Қоңырат елаты*, *Қоңыратлы* этнотопоним формасында кездеседі. Ел, журт, елат терминдері көпшілік ғылыми әдебиеттерде «халық тығыз жайласқан орын» дегенді білдіреді. Бұл терминдер көбіне ойконимдермен қатар қолданып, жер-су атауларын жасайды. Алайда, олар түркі халықтарының фольклорлық шығармаларында көп кездесе бермейді. Мысалы,

*Қоңырат* деген елінде  
Бар екен бир аш дийқан  
Аты екен Қуладин  
Жалғыз баласы бар екен (Қарақалпақ фольклоры, 2005:116)

*Қоңырат* сөзі ру атымен байланысты, бұл ру монғол дәуірінен бұрын Арал бойын мекендеген түркі тайыпаларының құрамында өмір сүрген. Қоңырат сөзінің түр-түсті білдіретін қоңыр сөзіне ешқандай қатысы жоқ. Алпамыс дастанын зерттеуші Ж.Хошниязов монғолдар Дешти-Қыпшақ жерін жаулап алғаннан кейін жергілікті қоңырат пен монғолдың қоңыраты араласып, бұрынғы атымен бірігіп кеткен деген болжам жасайды (Толібаев, 2021:101). Келесі өлең жолдарынан дастанның бас кейіпкері Қоңырат руынан екенін білеміз:

Атын *Хорезм* дейдилер,  
Туўған елим *Қоңырат*,  
Сыймас ишиме дәртим,  
Тар болды туўған журтым,  
*Хорезмнің* жеринде,  
*Қоңратлы* елинде,  
Сүрдим армансыз дәўран,  
Лалалықтың дәртинен,  
Балалықтың дәртинен,

Душпан болды маған хан (Қарақалпақ фольклоры, 2005:125)

– деген өлең жолдарынан Хорезм ханы тарапынан елінен қудаланғаннан кейінгі бас кейіпкердің туған жерін тастап бара жатқандағы қимастық сезімі көрінеді. Бұл «Ер Сайымда» кездесетін Қоңырат этнотопонимі дастан сюжетіне деректілік дарытады. Туған жерден қудалану мотиві жоғарыда айтылған Ер Тарғын жырына өте жақын. Дастанда кездесетін топонимдер жырда мекендік, ақпараттық, деректілік қызмет атқарады. Топонимдердің барлығы дерлік қазіргі Қарақалпақстан территориясынан орын алған.

Ендігі кезекте татар халқының көркем эпикалық жырларының бірі – «Жик Мәргән» дастанына тоқталайық. Түркі фольклорындағы эпостық шығармаларда батырдың есіміне оның басты қасиет-қабілеті айқындауыш сөз ретінде қосылады. Мәселен, «Жик Мәргән» дастанында «мерген» компоненті батырдың мергендігін көрсетеді. Бұндай атау түркі-моңғол тілдерінде көп ұшырасады. Жик Мәргән есімін ер жетіп, осы қабілетін көрсеткен соң ғана алады. Жалпы, түркі фольклорында жиі кездесетін «түс көру» мотиві жоғарыда айтып кеткен екі жырда да кездеспейді, алайда Жик Мәргән дастанынан орын алып отыр. Дастан сюжетіне сәйкес Агыйдел жағасын мекендеген тайпаның көсемі Тугзак есімді жесір әйел екенін мына жолдардан білуге болады: «Тугзак әби бер атаклы яу башының бикәсе иде. Ул чакта Агыйдел буе батырларының көчләрен сыный торган майдан Жаек буе берлә Чулман арьягы иде. Тугзак әбинең бие дә, яу чаба торган атаклы батырларын жыеп, Агыйдел белән Чулман буена ерак яуга киткән иде». Қазақшаға аударсақ: «Тугзак ана атақты рубасының әйелі болған. Ол кезде Акеділ батырларының күш-қуатын сынайтын жер Шұлманның арғы жағында болатын. Тугзак өзінің атақты садақ атушы батырларын жинап, Ағыдел мен Шұлман өзеніне ұзақ аңға шыққан». Жырдың басталуы Тугзак ана мен оның тоғыз ұлы Жайық пен Чулман өзендерінің бойына аңға, балық аулауға



кеткен сәттерін суреттеумен басталады. Байқауымызша, дастанның басталуы қарақалпақтың «Ер Сайым» дастанына ұқсас келеді.

Сюжет желісі бойынша, Тугзак жесір қалғаннан кейін тайпасын Еділ өзенінің қарсы жағалауына көшіріп алып кетеді. Көшіп барған жердің ханына салық төлеуге қарсы шыққан Тугзактың еліне хан шабуыл жасайды. Дастанда дұшпандар «қара урман халқы» деп аталады. Руаралық қақтығыстарда жеңілген рудың қайта күшеймеуі және кек алудың алдын алу үшін хан тарапынан Тугзактың руы толығымен жойылады. Алайда, Тугзак пен оның немересі тірі қалады. Тугзак ана немересін қайыққа отырғызып, Еділ өзенінің қарсы жағасына қашырып үлгереді де, өзі дұшпандардың қолына түсіп, қаза табады. Осылайша, дастандағы оқиға кульминациялық нүктеге келіп жетеді, бірақ тірі қалған сәбидің арқасында дастан сюжеті шиеленісіп, әрі қарай өрбиді. Қашып құтылған балаға жабайы жыртқыштар қамқор болады. Ол жасөспірім шаққа келгенде, түсіне әкесі кіріп, оған барлық оқиғаны баяндап береді. Содан соң күн батысқа жол сілтеп, оның туған жері, бауырлары сол жақта екенін айтады. Баланың түсіндегі әкесінің берген аяны осылай аяқталады: «Синен исемең Жик булсын! Жәяң нык булсын!» (Татар халық ижаты, 2010:96) – дейді де, көзден ғайып болады. Бұл қарасөзбен жазылған үзіндіден басты кейіпкерді әкесінің батысқа – Еділге қарай бағыттауын байқаймыз. Осы түстен соң Жик Мәргән қасына мықты деген жігіттерді жинап, кезінде ауылын қанға бөктірген ханнан кек алуға жолға шығады. Шайқастың басында басымдық танытқан Жик Мәргән соңында жау еліне тұтқынға түседі. Бұндай сюжеттік оқиға эпикалық дәстүрге қайшы (Abdulhanova, 2019). Түркілік эпостарда тән сюжет бойынша, басты қаһармен жеңуі немесе өлуі керек еді. Жырдағы мұндай «жаңаша, күтпеген оқиға» сюжеттік желіге кейінгі әдебиеттің дамуы әсер еткенінен хабар береді.

Бұл дастандағы ең көп кездесетін атау – Агыйдел (Ақ Еділ) гидронимі. В.В.Радлов тарапынан жазып алынған «Идегей» (Едіге) дастанының бірнеше нұсқаларында да Агыйдел атауы кездеседі. Осы дастанның татар нұсқасында кездесетін топонимдерге жасалған этномәдени талдау нәтижесінде, Еділ өзені тек бай, терең өзен ғана емес, сонымен қатар дастанда туған жер образын бейнелейді:

Идел-йорт, Идел-ана.

И Идел-йорт, Идел-йорт,

Идел эче имин йорт...

Ашлык белән тулган йорт...

Берілген өлең жолдарында Еділ гидронимі түркі халықтарының танымында қалыптасқан киелі ұғым – «қара шаңырақ», «ата қоныс» секілді сөз тіркестерімен сипатталып отыр.

Татар халқының фольклорлық шығармаларына талдау жасағанда сол халқының көпшілігі татарлар болып келетін аймақтардағы ең үлкен өзендердің атаулары «идел» сөзінің қатысуымен жасалғанын байқадық. Идел гидронимі басқа гидронимдердің жасалуында да кездеседі: Чульман иделе – Кама өзені, Ағыидел – Ақ өзен, Нократ Идел – Вятка өзені), Қара Идел – Қара өзен, Кук Идел – Көк өзен. Біздің ойымызша,

бұл татар халқының дәстүрлі мәдениетіне байланысты болу керек. Еділ бойының кең байтақ аумағында тұратын татарлар өздерінің тұратын жерлеріндегі әрбір өзенді мөлдір, тұщы және таза бұлақпен салыстырады. Сондықтан да жырларда оны жай ғана «идел» («өзен») деп атамай, оны «ақ идел» («ақ, нұрлы өзен») поэтикалық тіркесімен белгілеген. Сөйтіп, эпитет біріккен сөзге айналып, Ағыйдел формасындағы жалқы есімге айналып отыр. Татар тілінің заңдылықтарына сәйкес «Идел» (Еділ) сөзі өзен мағынасын береді. Сонда «Ағыйдел» дегеніміз – ақ өзен деген сөз.

Атақты татар ғалымы, фольклорист Ф.И.Урманчиев «Тюркский героический эпос» атты еңбегінде Алып батыр туралы аңыз келтіреді. Сол аңыз бойынша Волга (Еділ) өзенінің түркі атауы Итиль Болгар қаласының құрылысына атсалысқан Алып батырдың баласының атымен байланысты болуы мүмкін деп болжам жасайды (Урманчиев, 2015:25).

Жик Мәргән дастанында Еділ өзенімен қатар Жайық өзені де кездеседі. Сюжет желісі бойынша, Тугзак ханның шабуылға ұшырап, жеңілетін жері Еділ мен Жайық өзендерінің бойында орналасқан. Сонымен қатар назар аударатын негізгі деталь – «Ер Тарғын» жырында кездесетін су мотиві. Тіршіліктің бастауы ретінде көрінетін су татар халықтарында да үлкен мәнге ие екенін байқаймыз. Ал Жаек деп кездесетін өзен – Жайық, Чулман деген – қазіргі атауы Кама деген өзен. Бұл өзендерінің мағынасында келіп, олар да оқиғаның кеңістіктік сипатын анықтап қана қоймай, сюжеттік желінің аталған өзендер аралығында қамтылғанын алға тартады. Мифологиялық, ертегілік мотивтерде Еділ-Жайық өзені фольклорда қатар қолданылып, «егіз» сипатта өрбиді (Кенбаева, 2022). Қара сөзбен жазылған бұл дастанның жырды зерттеймін деген ізденушілерге әлі де берері мол. Дастанның бүкіл сюжеті жыраудың негізгі идеясын ашуға бағынады. Бұл дегеніміз – халықтың қаһармандығы мен ерлігін көрсету. Дастанды баяндаудың ертегі сарыны патриотизм идеясын айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Қорытындылайтын болсақ, бұл дастан – татар фольклорында қаһармандық эпос және ол архаикалық белгілер мен сюжеттік оқиғалар негізінде танылады.

#### **4. Зерттеу нәтижелері**

Зерттеу нәтижесінде эпостық жырларда суреттелетін оқиғалар терең тарихи сипатқа ие болғанымен, олардың сюжеттері мен мотивтері мифологиялық хронотипке қатысты. Басты кейіпкерлердің саяхаты мен ерліктерінің арқасында тыңдаушылар Еуразия даласының ұлан-ғайыр кеңдігімен және Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан жер-су атауларымен танысады. Олардың саяхаттары түркі халықтарының ең маңызды және қасиетті мекендері арқылы өтеді.

Жалпы, топонимдердің функционалдық мақсаты туралы айтатын болсақ, фольклорлық шығармада топонимдердің атқаратын функциялары төмендегідей:

1. Номинативті: бұл топонимдердің фольклорлық мәтіндерде атқаратын негізгі қызметі болып есептеледі. Топонимдер, ең алдымен, баяндау әрекеті немесе жанында болатын нақты географиялық объектіні анықтайды және сол объектіні атайды.

2. Ақпараттық: фольклорлық мәтіндегі топонимдердің ақпараттандыру функциясының мәнін асыра бағалау мүмкін емес, өйткені осы функция берілген

топонимдер уақыт пен кеңістікте түрлі этномәдени ақпараттың сақтаушылары мен ретрансляторлары болып табылады.

3. Бағдарлау: Топонимдердің тағы бір қызметі – фольклорлық мәтіндегі басқа ешқандай құрылымдық-семантикалық байланыс сияқты оларға тән емес кеңістіктегі бағдарлау қызметі.

4. Дүниені модельдеу: Нақты және қиял топонимдер дүниенің көркем географиялық және саяси бейнесін жасауға қатысады.

5. Сюжет құрау: Қандай да бір оқиға туралы баяндауға енгізілген топонимдердің тізімі баяндауды қысқа әрі қозғалысқа толы етеді.

6. Символикалық: Батырдың тағдырына байланысты жер-су атаулары шығарманың астарлы мәтінін құрап, символға айналады.

Жалпы, топонимдердің функциялары туралы айтатын болсақ, батырлық жырларда топонимдердің атқаратын қызметтері алуан түрлі және мәнді деген қорытынды жасауға болады. Топоним көпфункционалы және, әдетте, бір уақытта бірнеше қызмет атқарады.

## 5. Қорытынды

Зерттеуіміздің мақсаты болған топонимика мен фольклор арасындағы байланыс ерекшеліктерін анықтауда біз мынадай қорытындылар жасадық. Фольклорлық шығармаларда кездесетін топонимдерді зерттеу Евразия кеңістігін мекендеген түркі халықтарының топонимикалық жүйесін одан әрі зерттеу үшін маңызы зор, бай әрі бірегей материал деп есептейміз. Фольклорлық шығармаларда, әсіресе, эпостарда кездесетін топонимдерді реал және қиял топонимдері деп бөлшектеп қарастыруға болады. Жырларда орын алған топонимдер жырды нақтырақ, шынайы, географиялық тұрғыдан мазмұнды қылып көрсетеді. Ал, түркі халықтарының фольклорлық шығармаларында кездесетін топонимдерге анализ жасау немесе олардың қызметтерін анықтау сол халықтардың мәдени-тарихи дамуын қайта құруға, тарихи деректерді толықтыруға және дәлелдеуге, сол халықтардың тарихи оқиғаларға көзқарасын нақтылауға мүмкіндік береді.

Фольклор жер-су атауларын, жалқы есімдерді сақтау арқылы өзін де сақтайды және, осылайша, жойылып бара жатқан атауларды, оларға қатысты тарихи, қияли мәліметтерді болашақ ұрпаққа жеткізеді. Біз фольклорлық топонимиканы неғұрлым тереңірек, егжей-тегжейлі зерттеу, эпостардан басқа халықтық жанрлардағы топонимикалық лексиканың қызмет ету ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ түркі халықтарының топонимикасы саласындағы классификациялық және салыстырмалы зерттеу жұмыстары арқылы осы ғылыми еңбегіміздің болашағын көреміз деп есептейміз.

## Әдебиеттер:

1. Abulhanova Z.R., Mingazova L.I., Zakirova I.G., Yuldybaeva G.V. (2019) Tatar Folk Custom 'Farewell to Ice': Based on the Proceedings of the Expeditions. Revista Turismo Estudos & Práticas. № S2. – P. 1-6. <https://doi.org/10.30853/filnauki.2020.9.28>

2. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 44: Батырлар жыры. – Астана: «Фолиант», 2007. – 496 б.

3. Давлеткулова Л. Н. Топонимы в лингвокультурологическом аспекте. – Челябинск, 2014. – 220 с.
4. Karabaev M.I., Duzmagambetov E.A., & Bayadilova-Altybayeva A.B. (2021) Mythological Aspect of Some Kazakh Toponyms. *International Journal of the Humanities and Natural Sciences* (4-2). – P.71-75. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/mythological-aspect-of-some-kazakh-toponyms>
5. Kenbayeva A.Z., Bekmasheva A.N., Umarova G. S., Shakirova K.M., Tuimebekova A.A. (2022) Functioning of Toponymic Lexis in Turkic Epic Literature. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 8(3). – P.45-54. DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.803004>
6. Kenbayeva A.Z., Pangereyev A.Sh., Mambetova G.Zh. (2022) The study of place names in the Karakalpak heroic epos «Yer Ziyuar». *Keruen*, no. 2, V. 75. – P. 72-81. DOI <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-05>
7. Қарақалпақ фольклоры. Т. 27-42. – Нөкіс: Илим, 2001. – 424 б.
8. Мурзаев Э.М. География в названиях. – М.: Наука, 1982. – 176 с.
9. Ondar M.V., Koshkendey I.M., Khomushka C.O. (2018) Toponyms in the Folklore of the Tuvans (Based on the Material of the Heroic Epos and Folk Songs). *New studies of Tuva*. (3). – P. 4. DOI: <https://doi.org/10.25178/nit.2018.3.4>
10. Tolibayev K. Y. The Specifics of Perception in the Karakalpak Epic Poems of Toponyms “mysyr”, “isfakhan”, “rum”, “crimea”. *Theoretical & Applied Science* (3), 2020. – P. 129-132. DOI: <http://dx.doi.org/10.15863/TAS.2020.03.83.28>
11. Татар халык ижаты: Әкиятләр. – Казан: Татарстан китап нәшрияте, 1977. – 407 б.
12. Урманче Ф.И. Тюркский героический эпос. – Казань: ИЯЛИ, 2015. – 448 с.
13. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

#### References:

1. Abulhanova Z.R., Mingazova L.I., Zakirova I.G., Yuldybaeva G.V. (2019). Tatar Folk Custom «Farewell to Ice»: Based on the Proceedings of the Expeditions. *Revista Turismo Estudos & Práticas*, № S2. – P. 1-6. <https://doi.org/10.30853/filnauki.2020.9.28> (in Eng)
2. Babalar sozy (2006). The words of the ancestors: One hundred volumes. – Foliant. – 496 p. Retrieved from <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=152> (in Kaz)
3. Davletkulova L.N. (2014). Toponymy in the linguistic and cultural aspect. – Chelyabinsk. – 220 p. (in Russ)
4. Ibraev Sh. (1993). Epic world. Poetics of Kazakh heroic poems. – Almaty: Gylym. – 296 p. (in Kaz)
5. Karabaev M.I., Duzmagambetov E.A., Bayadilova-Altybayeva A.B. (2021). Mythological Aspect of Some Kazakh Toponyms. *International Journal of the Humanities and Natural Sciences* (4-2). – P. 71-75. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/mythological-aspect-of-some-kazakh-toponyms> (in Eng)
6. Karakalpak folklore (2001). V 27-42. - Nokis: Ilim. – 424 p. (in Kaz)
7. Kenbayeva A.Z., Bekmasheva A.N., Umarova G.S., Shakirova K.M., Tuimebekova A.A. (2022). Functioning of Toponymic Lexis in Turkic Epic Literature. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 8(3). – P.45-54. DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.803004> (in Eng)
8. Kenbayeva A.Z., Pangereyev A.Sh., Mambetova G.Zh. (2022). The study of place names in the Karakalpak heroic epos «Yer Ziyuar». *Keruen*, no. 2, V. 75. – P. 72-81. DOI <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-05> (in Eng)
9. Murzaev E.M. (1982). Geography in names. - M.: Nauka. – 176 p. (in Russ)
10. Ondar M.V., Koshkendey I.M., Khomushka C.O. (2018). Toponyms in the Folklore of the Tuvans (Based on the Material of the Heroic Epos and Folk Songs). *New studies of Tuva* (3), 4. DOI: <https://doi.org/10.25178/nit.2018.3.4> (in Russ)
11. Tatar folk creation: Fairy tales. Vol. 1. (1977). – Kазan: Tatarstan Kitab Nashriyate. – 407 p. (in Tat)
12. Tolibayev K.Y. (2020). The Specifics of Perception in the Karakalpak Epic Poems of Toponyms “mysyr”, “isfakhan”, “rum”, “crimea”. *Theoretical & Applied Science* (3). – P.129-132. DOI: <http://dx.doi.org/10.15863/TAS.2020.03.83.28> (in Eng)
13. Uрманче F.I. (2015). Turkic heroic epic / Fatyh Ibrahimovich Uрманче. – Kазan: IYALI. – 448 p. (in Russ)